

«Бекітілді»
№55 балабақшасы директорының м.а.

 Жанжолова Г.

Педагогикалық кеңес: 14 «29» сәуір 2017ж.

«Музыка» ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары
Білім саласы «Шығармашылық»
Ортаңғы топ

2017-2018 оқу жылы

Перспективалық жоспар
«Музыка» ұйымдастырылған оқу қызметі
Ортаңғы топ 2017 – 2018 оқу жылы

I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка

Музыка тыңдау:

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту;
- 2) әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау;
- 3) пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендігі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу;
- 4) халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау;

Ән айту.

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;
- 2) дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету;
- 3) ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу;
- 4) хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру;

Музыкалық ырғақты қимылдар, жаттығулар:

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;
- 2) марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру;
- 3) жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту;
- 4) музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және жеңіл секіру;

Билер:

Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.

Ойындар, хороводтар

Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразалар сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:

Дағдыларды қалыптастыру:

- 1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау;
- 2) әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақпен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу; түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау.

II ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Музыка

Музыка тыңдау:

- 1) музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, шығарманың бөлімдерін ажырата білу, музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу;
- 2) сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу;
- 3) тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау;

Ән айту.

- 1) жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды, дыбыстаудың бірдей күшімен ән айтуды жетілдіру. Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыс пен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын бере білу;
- 2) күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту.

Музыкалық ырғақты қозғалыстар:

- 1) би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу;
- 2) музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру жаттығулары; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру; әндердің қозғалыстық, көңілді сипатын қабылдау; мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.

Билер:

- 1) музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану;
- 2) би қозғалыстарының, ойындар мен хор атауларын білу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен хор айтып жүру, қозғалысты өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, қол орамалды баяу бұлғау, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүру, көңілді билеу;
- 3) балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау;
- 4) музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау; шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

Ортаңғы топ: Қыркүйек айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Бәрі мен жайлы	«Мен және менің тобым»	«Тату доспыз бәріміз»	Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа, сыпайлыққа тәрбиелеу. Көңілді әуен арқылы көңіл –күйді қабілеттерін дамыту. Әуенді би қимылдарын музыка ырғағына сәйкес жасауға үйрету. Балаларға білім күні туралы түсінік беру.	Ән тыңдау: 1) Дос болайық бәріміз. И.Нүсіпбаев 2) Біз – ертеңнің иесі. Г.Тамендаров Ән айту: 1) Тату доспыз бәріміз. Е.Мендешев 2) Біз бақытты баламыз. Е.Хасанғалиев Ырғақты қимыл: «Көңілді полька» Дидактикалық ойын: «Күн мен жаңбыр»	Балабақша өмірінен дайындаған фото суреттер слайды, интерактивті тақта, композитор, үлестірмелі карточкалар, т.б.	2
«Бәрі мен жайлы»	Мен және менің жақындарым	«Менің жанұям»	Күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды ән мен отбасы мүшелеріне жеткізе білуге және отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Әнді ынтамен айтып және дауыс пен есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Жан анам. Қ.Қ.Мұқаш 2) Мен әдепті баламын. И.Нүсіпбаев Ән айту: 1) Біздің атай. К.Қуатбаев 2) Тату доспыз бәріміз. Е.Мендешев Ырғақты қимыл: «Көңілді полька» Аспапта ойнау: «Қоңырау»	Отбасы мүшелерінің суреттері, композиторлар, интерактивтік тақта, ұрмалы аспап қоңырау, т.б.	1
«Бәрі мен жайлы»	Отбасылық дәстүрлер	«Ұлы дала ұланымын»	Отбасы құндылығы туралы түсініктерді, отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуенді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету.	Ән тыңдау: 1) Жан анам Е.Өміров 2) Менің папам. Б.Байқадамов Ән айту: 1) Біздің балабақша Б.Қыдырбаева 2) Біздің атай. К.Қуатбаев Ырғақты қимыл: «Батырлар биі» Дидактикалық ойын: «Күн мен жаңбыр»	Ұлы дала тарихы туралы (видео слайд), тақия, композитор, интерактивті тақта, үлестірмелі карточкалар, т.б.	2
«Бәрі мен жайлы»	Үлкендер еңбегі	«Мен ауылға барамын»	Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын табиғи материалдан жасалған түрлі аспаптардың түрлерімен таныстыру арқылы арттыру. Әуенге сәйкес би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету..	Ән тыңдау: 1) Біздің ауыл. И.Нүсіпбаев 2) Кең дала. А.Досмағамбетов Ән айту: 1) Қазақстан бақытты. Б.Дәрібаев 2) Мен ауылға барамын. Б.Бейсенова Ырғақты қимыл: «Батырлар биі» Аспапта ойнау: «Қоңырау»	Туған ауыл өлкесінің табиғаты, видео слайд, композитор, интерактивті тақта, ұрмалы аспап: асатаяқ, т.б.	1

Ортаңғы топ: Қазан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Өсімдіктер әлемі	Дала,бөлме гүлдері	«Анам гүлдің бапкері»	Дала бөлме гүлдерімен және оны күтудің ережелерімен таныстыру.Өлең және музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезіндіру.Өн арқылы қуана білуге үйрету.Өнді көңілді ынталы жеткізе білуге дағдыларын дамыту.Ойын арқылы гүлдердің аттарын есте сақтауға баулу.	Өн тыңдау: 1) Анам гүлдің бапкері. Г.Абдрахман 2) Күнбағыс. Ж. Қалжанова. Өн айту: 1) Алтын күз. А.Досмағамбетова. 2) Күз тамаша. А.Досмағамбет. Ырғақты қимыл: «Саңырауқұлақтар биі» Дидактикалық ойын: «Үш гүл – үш түрлі көңіл күй»	Күз көріністері (футаж), жемістер мен көкөністер, интерактивті тақта, үлестірімелі карточкалар, композитор.	2
Өсімдіктер әлемі	Аулада нелер өседі	«Менің қанатты достарым»	Музыка ырғағына баулу баулу,ойната отырып көңіл күйін көтеруКүзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету.Балаларға көкөністердің адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру.Табиғаттың сұлулығын бағалай білуге тәрбиелеу.	Өн тыңдау: 1) Құстар қайтып барады. Н.Тілендиев 2) Құстар. А.Ахметова Өн айту: 1) Қарлығаш. Б.Бейсенова 2) Күзгі әуен. А.Досмағамбетова. Ырғақты қимыл: «Саңырауқұлақтар биі» Аспапта ойнау: «Тұяқ»	Дала құстарының суреттері, видео слайд, ұнтаспа, сырнай аспабы, композитор, ұрмалы аспап тұяқ, т.б.	1
Өсімдіктер әлемі	Аяғы бар қалпақтар	Орманда не өседі?(саңырауқұлақтар ,жидектер)	Балаларды күз мезгілі және өсімдіктер әлемімен,соның ішінде шырша ағашымен таныстыру.Табиғатты қорғауға,сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Әуенді ойын қимылдарымен көңілді және емін-еркін көрсету.Музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту.	Өн тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? Ю.Зайберткі. 2) Ормандағы жаңбыр. Е.Брусиловский Өн айту: 1) Алтын күз. Ж.Молдажанов 2) Қарлығаш. Б.Бейсенова Ырғақты қимыл: «Егер де саған ұнаса, былай жаса» Дидактикалық ойын: «Үш гүл – үш түрлі көңіл күй»	Ас атасы нан туралы (видео слайд), үлестірімелі карточкалар т.б.	2
Өсімдіктер әлемі!	Берекелі Алтын күз	Күз байлығы	Күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру.Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету.Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.Өртүрлі сипаттағы музыка жанрларын ажырата білу қабілетін дамыту.Табиғаттың сұлулығын көре және бағалай білуге тәрбиелеу..	Өн тыңдау: 1)Бұл қай кезде болады?.. Г.Абдрахманова. 2) Күз келгенде А.Досмағамбетова Өн айту: 1) Күз тамаша. А.Досмағамбет. 2) Алтын күз. Ж.Молдажанова. Ырғақты қимыл: «Егер де саған ұнаса, былай жаса» Аспапта ойнау: «Тұяқ»	Бөлме және дала гүлдерінің суреттері видео слайд, гүлдер, тұяқ аспабы, композитор, интерактивтік тақта, т.б.	1

Ортаңғы топ: Қараша айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Табиғат әлемі	Ферма	Су қойма мекендеушілері.	Су асты әлемі және балықтар туралы білімдерін тереңдету. Қоршаған ортаны сүйеге тәрбиелеу. Музыкалық туындылары және олардың жанрлары туралы марш, өлең, би түсініктерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Дельфин. А.Тани. 2) Балық аулау. А.Тани. Ән айту: 1) Пингвин мен бала. А.Тани. 2) Күз тамаша. А.Досмағамбет. Ырғақты қимыл: «Кел, билейік» Дидактикалық ойын: «Үш би»	Су асты әлемінің жәндіктерінің видео слайды, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Табиғат әлемі	Құстар біздің досымыз (Қыстайтын жыл құстары)	Құстар қайтып барады.	Жалпы құстар туралы жалпы олардың тіршілігімен пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Әннің орындалуын, музыкалық жанрларды ажырата білу қабілеттерін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Құстар қайтып барады. Х.Мұхамедова 2) АпорҚараторғай. Ақан Сері Ән айту: 1) Қарлығаш Е.Хасанғалиев. 2) Жау – жау, жанбыр. К.Дүйсекейов Ырғақты қимыл: «Кел, билейік» Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?қ»	Құстардың суреті.	1
Табиғат әлемі	Жабайы жануарлар әлемі	«Менің достарым жануарлар»	Жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік беру. Негізгі топтарымен (үй жануары, жабайы жануарлармен) таныстыру. Жануарлар туралы әндерді тыңдата отырып, ой өрісін, зейінін дамыту. Қоршаған ортаны сүйеге, мейірімділікке тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Керуен. К. Дүйсекеев. 1) Қоңыр аю қорбаңбай. Б. Дәлденбаев Ән айту: 1) Төлдер Б. Ғизатов. 2) Сұр қоян. К.Қуатбаев Ырғақты қимыл: «Қара жорға» Дидактикалық ойын: «Үш би»	Жануарлар туралы видео слайд, үлестірмелі карточкалар композитор, т.б.	2
Табиғат әлемі	Жануарлар қысқа қалай дайындалады?	«Жануарларға қамқорлық»	Жалпы жануарлардың қысқы тіршілігі жайлы және олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру. Балаларды жануарлар туралы әндерді тыңдатып, қимыл - қозғалыстарын сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтауда мұқият болу. Табиғатты қорғау, аялау, қадырлеуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Аңдардың айтысы. Р.Наурызбаева 2) Төлдерді шақыру. Д.Ботбаев Ән айту: 1) Қошақаным қайда екен? Ә.Бейсеуов 2) Ақ қоян. А.Айтуова Ырғақты қимыл: «Қара жорға» Аспапта ойнау: «Тоқылдақ»	Жануарлардың қысқы тіршілігі туралы видео слайд, ұнтаспа, тұяқ аспабы, т.б.	1

Ортаңғы топ: Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Менің Қазақстаным	Тарихқа саяхат	Ұлы дала ұланымын	Елдің әдет-ғұрпы мен тарихын музыкамен байланыстыра рухани тәрбиелеу.Музыканың ырғағын дәл бере отырып сермеу,серпілу қимылдарын орындау.Ән салуға,билеуге ойнауға қызығушылықтарын дамыту	Ән тындау: 1) Атамекен 2) Сары арқа күйі С.Құрманғазы. Ән айту: 1) Ағатайым. Л.Жолдасов 2) Тәуелсіз ел ұланы. А.Досмағамбетова Ырғақты қимыл: «Кәне қызық ойын бар» Дидактикалық ойын: «Әуеннің дауысын ажырат»	Елбасының өмір деректері туралы (видео слайд), композитор, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Менің Қазақстаным	Ауыл мен қала	Мен ауылға барамын	Туған ел,Отан туралы балалардың түсініктерін кеңейту,ауыл,қала көріністерімен таныстыру,атауларын білуге үйрету.Отанға,еліне,туған жеріне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Би,әнді қуанышты мақтанышпен орындауға тәрбиелеу.Биге деген қызығушылықтарын арттыру..	Ән тындау: 1)Біздің ауыл. И.Нүсіпбаев 2) Кең дала Ә.Тінәлиев Ән айту: 1) Қазақстан бақытты А.Досмағамбетова 2)Мен ауылға барамын. Л.Жолдасов Ырғақты қимыл: «Кәне қызық ойын бар» Аспапта ойнау: «Мүйізді тұяқ»	Тәуелсіздік күніне байланысты видео слайд, мүйізді тұяқ, аспабы, композитор, т.б.	1
Менің Қазақстаным	Тәуелсіз Қазақстан	Тәуелсіз ел ұланы	Балаларға Тәуелсіз Қазақстан деген сөздің мағынасын түсіндіру.Желтоқсан оқиғасы туралы әңгімелеу.Тәуелсіз елін,жерін мақтан тұтуға,патриоттық сезімге тәрбиелеу.Әннің орындалуын,музыкалық жанрларды ажыра білу қабілеттерін дамыту..	Ән тындау: 1) Егемен ел Қазақстан 2)Туған жер. Б.Бейсенова. Ән айту: 1)Тәуелсіз ел ұланы Н.Тілендиев. 2) Он алтыншы желтоқсан. Л.Жолдасов Ырғақты қимыл: «Ұлпақарлар биі» Дидактикалық ойын: «Әуеннің дауысын ажырат» Аспапта ойнау: «Мүйізді тұяқ»	Атырау балық зауытың және мұнай мен одан шыққан шикізат туралы видео слайд, үлестірмелі карточкалар, т.б.	2
Менің Қазақстаным	Қызыл кітап!	Қызыл кітап!	Қызыл кітап туралы және кітапқа енген өсімдіктер туралы түсінік беру.Өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Әндерді жаттығуларды,билерді,ойындарды орындауға қызығушылықтарын дамыту.Музыканы тыңдап сипаттарын ажырата білуге,дұрыс айтуға үйрету..	Ән тындау: 1) жау-жау жаңбыр Б.Бейсенова 2) Жаңа – жыл. Б.Дәрібаев Ән айту: 1) Шырша жыры. Б.Бейсенова 2) Туған ел. Н.Тілендиев. Ырғақты қимыл: «Ұлпақарлар биі» Аспапта ойнау: «Мүйізді тұяқ»	Жаңа жылдыға арналған мазмұнды видео слайд, қажетті заттар, мүйіз аспабы, т.б.	1

Ортаңғы топ: Қаңтар айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Дені саудың жаны сау	Дұрыс тамақтану. (дәрумендер)	«Дәрумендер әлеміне саяхат»	Балаларға дәрумендер туралы түсінік беру. Дәрумендердің ағзаға тигізер пайдасын түсіндіру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әндерде, билерде балалардың музыкалық аспаптарында ойнаған суырып салмалық қабілетін ұштап, шығармашылық қабілетін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Жеміс бағында. Ж.Қалжанова 2) Жемістер мен көкөністер. Г.Абдрахманова Ән айту: 1) Апорт деген тәтті алма. Н.Өлімқұлов 2) Қыс қызығы. И. Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Қазіргі би ырғағы» Дидактикалық ойын: «Айналмалы дөңгелек»	Дәрумендер видео слайд, үлестірмелі карточкалар композитор, үнтаспа, интерактивті тақта, т.б.	2
Дені саудың жаны сау	Ғажайып қыс	«Қыс қызығы»	Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгілінің табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Музыкалық бейнені, музыкалық туындының ерекшелігін және көңіл күйін есту және түсіну дағдысын дамыту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? Б.Ерзакович 2) Біз шадыман баламыз. Ә.Бейсеуов Ән айту: 1) Ақша қар. К.Қуатбаев 2) Қыс қызығы. И. Нүсіпбаев Ырғақты қимыл: «Қазіргі би ырғағы» Аспапта ойнау: «Асатаяқ»	Қыс мезгілінің (футаж) видео слайд, асатаяқ аспабы, композитор, интерактивті тақта, т.б.	1
Дені саудың жаны сау	Күн, су, ауа	«Күн, су, ауа біздің жақын достарымыз»	Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі, табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Әнді мәнерлеп айтуға үйрету. Қоршаған ортаны сақтауға, қорғауға тәрбиелеу. Қарапайым әуендерді металлофонда ойнауға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын, ырғақ сезімін дамыту.	Ән тыңдау: 1) Табиғатым. Р.Абрахимова 2) Гүлденген өлке. Ә.Қонысбекова Ән айту: 1) Шуақ, су мен таза ауа. А.Танидікі 2) Ақша қар. К.Қуатбаев Ырғақты қимыл: «Буги - вуги» Дидактикалық ойын: «Теңіз»	Күн, су, ауа туралы видео материалдар, композитор, интерактивті тақта, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Дені саудың жаны сау	Үйде жалғыз қалғанда	«Мен үйде жалғызбын»	Балаларға үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету, эмоционалдық ықыластықты тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Жан анам. Е.Өміров 2) Бесік жыры. И.Нүсіпбаев. Ән айту: 1) Шуақ, су мен таза ауа. А.Танидікі. 2) Бағдаршам. Е.Ташев. Ырғақты қимыл: «Буги - вуги» Аспапта ойнау: «Асатаяқ»	Қауіпсіздік шараларына байланысты видео слайд, тоқылдақас пабы композиторлар, т.б.	1

Ортаңғы топ: Ақпан айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Бізді қоршаған әлем	Ұшады, жүзеді, жүреді. (жол ережелері)	«Жол атасы бағдаршам»	Бағдаршам туралы және олардың атқаратын міндеті туралы білім беру. Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу. Өнді мәнерлеп айтқызу. Музыкалық аспаптарды ойнау тәсілдерін көрсету. Қимылдарды музыканың ерекшеліктерімен үйлестіру дағдыларын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Жол ережесі тәртібі. Б.Бейсенова. 2) Жолаушылар жыры. Ж.Қалжанова. Ән айту: 1) Бағдаршам. Ғ.Тамендаров. 2) Бөбектер әні. Е.Ташев. Ырғақты қимыл: «Ғажайып аялдама» Дидактикалық ойын: «Ғажайып бағдаршам»	Бағдаршам және жол белгілерінің видео слайд көрсетіледі, композитор, үлестірмелі карточкалар интерактивті тақта, т.б.	2
Бізді қоршаған әлем	Арнайы көліктер	«Алуан түрлі көліктер»	Көліктердің түрлері, дыбыстары, пайдасы ұғыну. Көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Музыка сипатына сәйкес, ойын әрекетінде жеңіл жүгіру, тізбектеле жүруді көрсету. Өнді тыңдап, мәтінге сай қимылдар орындауын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Ұшағым. Т.Тайбеков. 2) Жолаушылар жыры. Ж.Қалжанова Ән айту: 1) Бағдаршам. Ғ.Тамендаров. 2) Пойыз. К.Қуатбаев Ырғақты қимыл: «Ғажайып аялдама» Аспапта ойнау: «Металлофон»	Көліктердің түрлері, жол белгілерінің (видео слайды) ұнтаспа, металлофон аспабы, т.б	1
Бізді қоршаған әлем	Электроника әлемі. (байланыс құралдары)	«Электронды музыкалық аспаптар»	Электронды музыкалық аспаптармен таныстыру. Электронды аспаптар мен ұлттық аспаптарды бір бірінен ажырата білуге үйрету. Электроника саласы жетістіктері туралы баяндау, күнделікті өмірмен байланыстыру. Ұлттық музыкалық аспапты қадір тұтуға тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Электронды киіз үйден музыкатындаймыз (Жетекшінің таңдауымен) 2) Балбырауын. Құрманғазы Ән айту: 1) Домбыра сазы. И.Нүсіпбаев 2) Пойыз. К.Қуатбаев Ырғақты қимыл: «Домбыра биі» Дидактикалық ойын: «Ғажайып бағдаршам»	Электронды киіз үй, музыкалық аспаптары, (видео слайд) композитор, үлестірмелі карточкалар т.б.	2
Бізді қоршаған әлем	Үлкендер еңбегі. Заттардың қасиеті. (неден жасалғаны)	«Әуенді сандықша»	Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын табиғи материалдан жасалған түрлі аспаптардың түрлерімен таныстыру арқылы арттыру. Әуенге сәйкес би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету.	Ән тыңдау: 1) Серуендейміз, демаламыз. М.Красев. 2) Бақшамыз біздің көңілді. Б.Байқадамов Ән айту: 1) Домбыра сазы. И.Нүсіпбаев 2) Домбыра. Ж.Тұрсынбаев Ырғақты қимыл: «Домбыра биі» Аспапта ойнау: «Металлофон»	Ғажайып сандықша, түрлі аспаптар видео слайд домбыра аспаптары, т.б.	1

Ортаңғы топ: Наурыз айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Салттар мен фольклор	Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта	«Бауырсақ ертегісі»	Балаларды халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдау арқылы қабілет танымдарын дамыту. Музыка дыбысының атымен және жоғары-төмен дыбыстармен таныстыру.	Ән тыңдау: 1) Ғажап ертегі. 3.Омарова. 2) Әже тілегі. Т.Қоңыратбай. Ән айту: 1) Ертегілер әлемі. А.Қалаубаева. 2) Менің әжем. Қ.Мұқашов Ырғақты қимыл: «Вальс» Дидактикалық ойын: «Төмен және жоғары дыбыстар»	«Бауырсақ» ертегі видео слайд, ертегі кейіпкерлер атрибуты, үлестірмелі карточкалар, т.б.	2
Салттар мен фольклор	Өнер көзі – халықта. (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдар. т.б.)	«Домбырасы з ән қайда?»	Балаларды қазақтың ұлттық аспабы домбырамен таныстыру. Күйді тыңдай отырып, ұлттық танымын көтеру. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Домбыра аспабында ән айту арқылы ұлттық өнерге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Домбыра. Қ.Шілдебаев. 2)Сарыарқа Қ.Сағырбаев. Ән айту: 1)Домбырасыз ән қайда? И.Нүсіпбаев. 2) Наурыз. Ж. Мұхамеджанов. Ырғақты қимыл: «Вальс» Аспапта ойнау: «Маракас»	Күйші, сазгерлер туралы, домбыраның құрылысы туралы дайындалған видео слайд, барлық музыкалық аспаптардың түрлері.т.б.	1
Салттар мен фольклор !	Біздің салт – дәстүріміз	«Әжем келді ауылдан»	Халықтық салт- дәстүрлер және Наурыз мерекесі туралы мағлұмат беру. Ұлттық мерекеге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Музыкалық қабылдауды, аспапта ойнау дағдыларын, динамикалық бейімді дамыту.	Ән тыңдау: 1) Наурыз келді. Ә.Қонысбеков. 2) Наурыз дастарқан. А.Қонысбекова. Ән айту: 1) Хош келдің, төрлет наурызым. Б.Бейсенова 2) Менің әжем. Қ.Мұқашов Ырғақты қимыл: «Қамажай» Дидактикалық ойын: «Төмен және жоғары дыбыстар»	Салт – дәстүрлер туралы видео слайд, ұлттық бұйым көрмелері. Үлестірмелі карточкалар, т.б.	2
Салттар мен фольклор	Табиғат оянады	«Шуақты, көктем!»	Көктем мезгілінің табиғатын музыкада өрнектеу арқылы эмоциялық сезімдерін қалыптастыру. Әнді мәнерлеп айту арқылы тілдерін дамыту. Табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу.	Ән тыңдау: 1) Көктем вальсі. Е.Брусиловский 2) Наурыз дастарқан. А.Қонысбекова. Ән айту: 1) Көктем келді. Ж. Мұхамеджанов. 2) Наурыз. Ж.Мұхамеджанов. Ырғақты қимыл: «Қамажай» Аспапта ойнау: «Маракас»	Көктем мезгілінің табиғатына байланысты видео слайд футажаы, ұрмалы аспап маракас, т.б.	1

Ортаңғы топ: Сәуір айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Біз еңбекқор баламыз	Көктемгі еңбек. (бақта, бақшадағы еңбек, гүлдер)	«Гүлдер бағы»	Жыл мезгілдері туралы айта келе, көктем мезгіліндегі адамдар еңбегімен таныстыру. Талғампаздыққа, әсемдікке құштарлыққа тәрбиелеу. Ұжымдық еңбекке баулу. Білім дағдысын дамыту. Әсем қозғалуға, тербелу, айналу қимылдарын еркін жасауға үйрету.	Ән тыңдау: 1) Шалғындағы бақ – бақ. Т.Қоңыратбаев 2) Диірмен. (Зерек ботақан) Т.Ломова Ән айту: 1) Күнбағыс. Р.Құрмашева 2) Көктем келді. Ж. Мұхамеджанов Ырғақты қимыл: «Гүлдер биі» Аспапта ойнау: «Сақпан»	Көкемгі мезгіл және адамдардың еңбегі туралы видео слайд, сақпан аспабы, гүлдер, т.б.	2
Біз еңбекқор баламыз	Ас атасы нан	Нан мерекесі	Нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Нанның бидайдан жасалатыны туралы түсінік беру. Нанды қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Нан мерекесі Ю.Зайберттікі. 2) Колхоздығы той.. К.Қуатбаев. Ән айту: 1) Ғарышкер боламыз. С. Мұхаммеджанов. 2) Күнбағыс. Р.Құрмашева Ырғақты қимыл: «Гүлдер биі» Дидактикалық ойын: «Музыкалық аспаптар дүкені»	Ғарыш әлемі, ғарышкерлердің видео слайды, үлестірмелі карточкалар т.б.	1
Біз еңбекқор баламыз	Мамандықтың бәрі жақсы	«Етікші»	Балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Әр мамандықтың өзінің қызығы мен қиындығы болатынын түсіндіру арқылы, еңбектің барлық түрлерін құрметтеуге тәрбиелеу. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Музыкалық қабылдауды дамыту, орындаушылық дағдыларды қалыптастыру.	Ән тыңдау: 1) Құрылысшы. Ә.Мұқанов. 2) Аспаз. М.Әлімқұлов. Ән айту: 1) Етікші. Д. Ботбаев 2) Ғарышкер боламыз. С. Мұхаммеджанов. Ырғақты қимыл: «Күлдіргіштер» Аспапта ойнау: «Сақпан»	Әр түрлі мамандық туралы видео слайд, сақпан аспабы, композитор, ұнтаспа, т.б.	2
Біз еңбекқор баламыз	Біз жас зертеушілерміз	«Еңбек бәрін жеңбек»	Балаларға еңбек, еңбексүйгіштік туралы түсінік беру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек ету дағдыларын дамыту. Музыканың сипатына сәйкес түрлі қимылдарды ауыстырып орындау.	Ән тыңдау: 1) Біз осылай өсеміз. И.Нүсіпбаев 2) Өнерге ғашық баламын. И.Нүсіпбаев Ән айту: 1) Болайықшы осындай. А.Меңжанова. 2) Етікші. Д. Ботбаев. Ырғақты қимыл: «Күлдіргіштер» Дидактикалық ойын: «Музыкалық аспаптар дүкені»	Тақырыпқа байланысты суреттер видео слайд үлестірмелі карточкалар т.б.	1

Ортаңғы топ: Мамыр айы

Өтпелі тақырып	Апта аты	Тақырыбы	Бағдарламалық мақсаттар мен мазмұны	Музыкалық бөлімдердің әдіс - тәсілдері	Көрнекілік	Сағат саны
Әрқашан күн сөнбесін	Достық біздің тірегіміз. (Халықтар достығы)	«Ағайынбыз бәріміз»	Балаларға достық, татулық, бауырмашыл деген не екенін түсіндіру. Халықтар достығын насихаттау. Әр ұлттың адамдарына достық пейілін тәрбиелеу және әр ұлт музыкасынан хабардар болу. Өндерді мәнерімен орындаудың дағдыларын дамыту.	Ән тыңдау: 1) Ассамблея ұлт достығы. А.Қонысбекова. 2) Ағайынбыз бәріміз. М.Әубәкіров. Ән айту: 1) Достық. И. Нүсіпбаев. 2) Тату доспыз бәріміз. Е.Меңдешев. Ырғақты қимыл: «Ұлттық билерден попури» Аспапта ойнау: «Бубен»	1 мамыр достық күніне арналған видео, слайд, композитор, бубен аспабы, т.б.	2
Әрқашан күн сөнбесін	Отан қорғаушылар! (Қ.Р. әскері)	«Жеңіс күні!»	Қазақстан әскерлері туралы түсінік бере отырып құрметтеуге тәрбиелеу. Ардагерлерімізді атау. Музыкалық туындыларды қабылдауын дамыту. Әскери музыкаларды тыңдап, жанрларды ажыратуды, қосыла билеуді үйрету.	Ән тыңдау: 1) Момышұлы Бауыржан. Е.Өміров 2) Ел қорғауға әзірміз. К.Қуатбаев. Ән айту: 1) Жеңіс туы желбіреп. Б.Бейсенова 2) Достық. И.Нүсіпбаев. Ырғақты қимыл: «Ұлттық билерден попури» Дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын»	Ардагерлердің суреттері, слайд, видеолар, интерактивті тақта, композитор, үлестірмелі карточкалар т.б.	1
Әрқашан күн сөнбесін	Шөпте не жорғалайды	Жәндәктер	Жәндіктермен және олардың өзіндік белгілерімен таныстыру. Жәндіктермен зиянды және пайдалы болатыны туралы түсінік беру. Танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Өнге деген қызығушылықтарын арттыру..	Ән тыңдау: 1) Атырау қала. Б.Кохаманов 1) Атамекен. Е.Хасанғалиев Ән айту: 1) Отан ортақ үйіміз. Е.Утетлеуов 2) Жеңіс туы желбіреп. Б.Бейсенова Ырғақты қимыл: «Көбелектер биі» Аспапта ойнау: «Бубен»	Атырау қаласының суреттері видео слайд композиторлар портреттері, ұрмалы аспаптар, т.б.	2
Әрқашан күн сөнбесін	Көңілді жаз!	«Алақай, жаз келді!»	Жаз мезгілінің жарқын көңіл-күйімен қуану, шаттану сезімдерін білдіру және білімдерін қалыптастыру. Табиғатты аялай, қорғай білуге тәрбиелеу. Өнді тыңдап, мәтінге сай қимылдарды орындау дағдыларын дамыту. Өннің сөзін анық айтуға үйрету.	Ән тыңдау: 1) Бұл қай кезде болады? (жаз) Б.Ерзакович. 1) Ақ көбелек. Тұрсынжан Шапай. Ән айту: 1) Жаз келді алақай. И.Нүсіпбаев 2) Отан ортақ үйіміз. Е.Утетлеуов Ырғақты қимыл: «Көбелектер биі» Дидактикалық ойын: «Қай аспапта ойнаймын»	Жаз мезгілінің көріністер (футаж) видео слайд, үлестірмелі карточкалар сырнай аспабы, композитор.	1